



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

Кенжесары Мәдина

Тақырыбы: «Бозшакөл мыс кенін байыту фабрикасының
кен дайындау бөлімінің жобасы»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B073700 – «Пайдалы қазбаларды байыту» мамандығы

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев Университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

МжПҚБ кафедра меңгерушісі

техника ғылымдарының кандидаты

_____ М.Б. Барменшинова

қолы

«_____» _____ 2020 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Бозшакөл мыс кенін байыту фабрикасының кен дайындау бөлімінің жобасы»

Мамандығы 5В073700 - Пайдалы қазбаларды байыту

Орындаған

Кенжесары Мәдина

Ғылыми жетекші

Доктор PhD, сенор-лектор

_____ Мамбеталиева А.Р.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

5B073700 - Пайдалы қазбаларды байыту

БЕКІТЕМІН

МжПҚБ кафедра меңгерушісі
техника ғылымдарының кандидаты
_____ М.Б. Барменшинова

қолы

« _____ » _____ 2020 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Кенжесары Мәдина

Тақырыбы: «Бозшакөл мыс кенін байыту фабрикасының кен дайындау бөлімінің жобасы»

Университет Ректорының «27» қаңтар 2020 жылғы №762-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «04» мамыр 2020 жыл

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері:

Жобаланатын байту фабрикасының өнімділігі – 25000000 т/ж.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Кіріспе. Кен орнының сипаттамасы. Байытуға дайындау процесстері;

б) Ұсату процессі ондағы қолданылатын жаңа үздік техникалық жабдықтар;

в) Ұнтақтау процесстері, осы үрдістегі шығындалатын энергия мөлшері;

г) Процесстерде қолданылатын негізгі және қосалқы құрал-жабдықтарды таңдау және есептеу;

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сызба материалдарының сызбасы 4 слайдта көрсетілген.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан тұрады.

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық сұлбаның дәйектемесі мен есептеуі	25.02.2020 – 12.03.2020	
Құрал-жабдықтарды таңдау және есептеу	15.03.2020 – 25.03.2020	
Сызбаларды даярлау	27.03.2020 – 10.04.2020	
Түсіндірме жазбаны әрлеу	10.04.2020 – 04.05.2020	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Өндірістік бөлімі	Мамбеталиева А.Р. Доктор PhD, сениор-лектор		
Норма бақылау	И.Ю. Мотовилов PhD, ассистент профессора		

Ғылыми жетекші: _____ Мамбеталиева А.Р.
қолы

Тапсырманы орындауға алған білім алушы: _____ Кенжесары Мәдина
қолы

« _____ » _____ 2020 ж.

АҢДАТПА

Бұл орындалған дипломдық жобада Қазақстанның солтүстігінде Павлодар облысы аймағындағы Бозшакөл мыс кенін байыту фабрикасының кен дайындау бөлімінің жобасы толықтай қарастырылады.

Яғни, ұсату процесі ондағы қолданылатын жана үздік техникалық жабдықтар, ірі ұнтақтау және майда ұнтақтау процесстері, осы үрдістердегі шығындалатын энергия мөлшері қамтылады. Сонымен қатар ұнтақтаудағы бірден-бір көмекші процесс елеу, классификация туралы баяндалады.

Қарастырылған жобада қауіпсіздік ережелері, еңбекті қорғау заңдары, фабриканың жұмыс тәртібі, қоршаған ортаны қорғау шаралары және фабрикаға керекті негізгі, қосымша жабдықтар көрсетіледі.

АННОТАЦИЯ

В этом дипломном проекте предназначен рудоподготовительного отдела Бозшакольского месторождения меди, расположенное на Севере Казахстана в Павлодарской области.

Данная работа включает следующие разделы: процесс дробление и включает в себя лучшее новое техническое оборудование, процесс измельчение и мелкое измельчение, количество энергии, потребляемой в этом процессе. Мы также опишем процесс классификаций и грохочение, которая является единственным вспомогательным процессом в измельчении.

В рассматриваемом проекте указываются правила безопасности, законы охраны труда, режим работы фабрики, мероприятия по охране окружающей среды и основное, дополнительное оборудование, необходимое для фабрики.

ANNOTATION

This diploma project is intended for the ore preparation Department of the Bozshakol copper Deposit, located in the North of Kazakhstan in the Pavlodar region.

This work includes the following sections: the crushing process and includes the best new technical equipment, the grinding process and fine grinding, the amount of energy consumed in this process. We will also describe the process of classification and screening, which is the only auxiliary process in grinding.

The project under consideration specifies safety rules, labor protection laws, factory operating hours, environmental protection measures, and the main and additional equipment required for the factory.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Әдеби шолу	10
1.1 Жалпы түсініктеме жазбасы	10
1.2 Табиғатта мыстың және оның кен орындарының таралуы	11
1.3 Байыту фабрикасына жалпы шолу.....	12
2 Бас жоспар	13
2.1 Құрылыс алаңының жобалық сипаттамасы	13
2.2 Қысқаша климаттық сипаттамасы.....	13
2.3 Негізгі жобалық шешімдер	14
3 Техника экономика бөлімі	15
3.1 Фабриканың негізгі цехтарының жұмыс режимі және олардың өнімділігі	15
3.2 Еңбекті ұйымдастыру	15
3.3 Шикізат қорының сипаттамасы	16
3.4 Технологиялық режимдік параметрлері	16
3.5 Қолданылатын технологиялық процесстер	19
3.6 Ұсату сұлбасын таңдау және есептеу	21
3.7 Ұнтақтау сұлбасын таңдау және есептеу	25
3.8 Металлдар тепе-теңдігін есептеу.....	27
3.9 Соңғы өнімге қойылатын техникалық талаптар	28
4 Аппараттарды таңдау және есептеу	30
4.1 Ұсақтау процесінде қолданылатын аппараттар	30
4.2 Ұсату процесінің приципті аппараттық сұлбасы	31
4.3 Ұнтақтау процесінде қолданылатын жабдықтар	32
4.4 Ұнтақтау процесінің принципті аппараттық сұлбасы	32
4.5 Жабдықты таңдау	33
4.6 Қосалқы жабдықтарды есептеу және таңдау.....	34
4.6.1 Ленталы конвейерді есептеу.....	35
4.7 Насостарды таңдау және есептеу.....	37
4.8 Жөндеу жұмыстары.....	38
4.9 Сынама алу және бақылау.....	38
5 Транспорт	41
5.1 Көлік түрлері	41
5.2 Темір жол көлігі	41
6 Экологияны қорғау	42
6.1 Қалпына келтірудің биологиялық кезеңі	42
6.2 Безендіру және көгалдандыру	43
Қорытынды	44
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	45

КІРІСПЕ

Адам өміріне қажетті барлық бағалы заттар пайдалы қазбалардан, яғни кендерден алынады. Пайдалы қазбалар мемлекеттің экономикасын дамытудың материалдық негізі болып есептелінеді. Кен тек бағалы заттан тұрмайды оның құрамында бос жыныс мөлшері көп деңгейде болады. Кенді тікелей металлургиялық пештерде өңдеу немесе химиялық жолмен өңдеу үшін оның құрамындағы бағалы заттың мөлшері өте жоғары деңгейде болу керек. Ал, түсті және сирек кездесетін кендерде металл мөлшері 4-5 пайыздан аспайды. Металлургиялық жолмен алу өте тиімсіз болады. Сондықтан кенді байытуға дайындау яғни, ұсату, ұнтақтау, елеу, классификация процестерінен өткізіп барып, байыту процесіне жіберген әлдеқайда тиімді болады.

Кен байытуда алға қойылған басты мақсат-кен құрамындағы бағалы затты толығымен бөліп алу және өнімнің сапасының жоғары болуы.

Бүгінгі таңда Қазақстанда заманауи, азшығынды тау-кен өндірісін дамытуға арналған өсу әлеуеті зор бірнеше мыс өндіруші компаниялар жұмыс істеуде. Олар озық технологиялық жабдықтармен жабдықталған.

Қазір кен құрамындағы бағалы зат мөлшерінің үлесі азайғандықтан, бағалы зат сапасы да азаяуда. Бұл кен байыту салаларының зерттеулер нәтижесіндегі байытудың технологияларын жетілдіру негізінде, саланың қарыштап дамуының нәтижесінде болған көрсеткіштер. Байытуды дамыту үшін елімізде зерттеушілер, инженерлер ауыз толтырып айтарлықтай өз үлестерін қосуда. Жоғарғы оқу орындарында білікті де білімді мамандар дайындалуда. Ірі ғылыми-зерттеу ошақтары да еңбек етуде.

Кендерді байытуда флотациялау әдісі ең кең тараған, әмбебап әдіске жатады. Қазіргі кезде пайдалы қазбалардың барлық түрлерін байытуға қолданылады. Флотация әдісінде кен түйіршіктерінің диаметрі 0,15-0,2 мм-ге дейін жетуі қажет. Сондықтан, ұсату, ұнтақтау процестері қажет етіледі.

Қазақстандағы Бозшакөл кен орнындағы байытуға дайындау процестерін қарастырамыз. Ұсату, ұнтақтау схемаларымен танысып, бұл технологиялардың даму бағыттарын қарастыратын боламыз. "Кеннің құрамындағы бағалы заттың сапасын арттыруға дайындау процестерінің әсері бар ма?", "Егер әсері болса ол үшін қандай шаралар қолдану керек?", "Байытуға дайындау процестерін қалай дамытамыз?" деген сұрақтарға жауап іздейтін боламыз.

1 Әдеби шолу

1.1 Жалпы түсініктеме жазбасы

Түсті металлургия халық шаруашылығының ең маңызды бөлігі болып табылды. Қазіргі таңда түсті металдар қолданылмайтын бірден-бір шаруашылық саласы жоқтың қасы. Түсті металдар қысқа уақыт аралығынан бері ғана қолданыла бастады. Бұның бәрі ғылыми-техникалық революцияның жетістігінің арқасы.

Қазақстан Республикасы жер астындағы минералдық ресурстарға байлығы және оның алуан түрлігінің арқасында қазіргі таңда әлем елдерінің алдыңғы шебінде. Еліміздің әлемдік қорының үлесі мыс бойынша -5%, -күміс бойынша-5%, марганец бойынша- 5%, темір үлесі бойынша-9 %, қорғасын үлесі бойынша- 9% құрап отыр және түсті, бағалы металдарды экспортқа шығарушы елдерінің қатарында.

Мыс кенінің негізгі кен орындары Қазақстанның Орталығында және Қазақстанның Шығысында шоғырланған. Республикамызда мыс кентасының порфирлі, колчеданды, мысты-құмтасты, мысты-никелді, мысты-цеолитті сияқты кен орындарының көптеген түрлері бар.

Соның бірі *мыс-профирлі* түріндегі ірі кен орындары еліміздің едәуір көп бөлігін алып жатыр. Ол кен орындарының қатарына: Бозшакөл, Ақтоғай, Айдарлы, Көксай секілді ауқымды кен орындары жатады. Оларды іске қосу төмен сұрыптағы кендерді тиімді түрде өңдеуге мүмкіндіктер беруде.

Бозшакөл кен орнының кен байыту технологиясын әзірлеу үшін зерттеу жұмыстарын өткен ғасырдың 50-60 жылдары Шығыс ғылыми-зерттеу тау-кен-металлургия түсті металдар институты бастады. Зерттеу нәтижелері бойынша мынадай негізгі кен түрлері анықталды: тотыққан, жеңіл және қиын флотацияланатын, каолинизирленген, аралас, баланстан тыс және түпкілікті сульфидті кендер. Анықталған кендердің әрбір түріне байланысы технологиялық сұлбасы, байыту режимі, байыту режимін негізге ала отырып реагенттік режимі және технологиялық көрсеткіштері, табылды.

2005-2012 жылдар аралығында Бозшакөл кен орнының кендерін байыту технологиясын әзірлеу жұмыстарын Пекин тау-кен ісі және металлургия жөніндегі Орталық ғылыми Институты, SGS Canada Inc, Ausenco Limited (Австралия) және ШФЗТКМИ (Қазақстан) сияқты ұйымдар айналысып, көптеген ақпараттар жинастырды.

2014 жылы жөндеу жұмыстары жасалынып, 2016 жылы фабрика құрылысы аяқталды.

2016 жылы Байыту фабрикамыз алғашқы концентратын яғни, өнімін бере бастады.

Осы еңбекпен келген зерттеулердің, ғылыми жетістіктердің нәтижесінде бүгінгі таңда KazMinerals-тың ірі кен орнына айналып отырған Бозшакөл мыс байыту фабрикасының кен дайындау бөлімінің жобасын қарастырып отырмыз.

1.2 Табиғатта мыстың және оның кен орындарының таралуы

Мыс кез-келген тұрмыстық-техникада, ауыл шаруашылығы саласында, көлік жұмыстарында т.б. көптеген жерлерде қолданылады. Мыс-жылу мен электр тоғын үздік өткізушілер қатарындағы жылтырлығы бар пластикалық алтын қызғылт металл. Таза түрдегі мыс жұмсақ, иілгіштік және созылғыштық қасиеті жоғары болады, ал құрамында қоспалар болса қаттылық қасиеті жоғарылайды. Сондай-ақ мыс өте жоғарға жылу өткізгіштік қасиетіне де ие.

Мыс салыстырмалы түрде белсенділігі аз металл қатарына жатады. Қалыпты жағдайда құрғақ ауада тотықпайды және галогендермен, селенмен, күміспен оңай әрекеттеседі. Тотығу қасиеті жоқ қышқылдармен, сутекпен, азотпен, көміртегімен химиялық реакцияға түспейді.

Минерал-құрамынан мыс алуға болатын табиғи шикізат. Мыстың 240-тан асатын минералдары бар.

1 Кесте – Мыстың негізгі минералдары

Минерал	Химиялық формуласы	Мыс үлесі, %
Халькопирит	$CuFeS_2$	34,5
Халькантит	$CuSO_4 \cdot 5H_2O$	21
Диоптаз	$Cu_6[Si_6O_{18}]H_2O$	32
Кубанит	$CuFe_2S_3$	22–24
Блеклді кендер	$3Cu_2S(Sb, As)_2S_3$	22–53
Бурнонит	$CuPbSbS_3$	34
Ковеллин	CuS	66,5
Бирюза	$CuAl_6[PO_4]_4(OH)_8 \cdot 5H_2O$	52
Ахоит	$(K, Na)Cu_7AlSi_9O_{24}(OH)_6 \cdot 3H_2O$	7,73
Хризоколла	$CuSiO_3 \cdot 2H_2O$	32,8–40,3
Бандилит	$CuCl[B(OH)_4]$	35
Атакамит	$CuCl_2 \cdot 3Cu(OH)_2$	59,5
Вулканит	$(CuTe)$	33
Тенорит	CuO	79,9
Табиғи мыс	Cu	88–100

Минералдық және химиялық құрамдарына сәйкес мыс кендерін сульфидтік, тотыққан, аралас деп бөлеміз. Қазақстандағы мыстың ірі кен орындарына Жезқазған, Қоңырат, Ақтоғай, Жаманайбат, т.б. жатады.

1.3 Байыту фабрикасына жалпы шолу

Бозшакөлдің негізгі бағалы компоненттері-мыс-молибден және құрамында алтын мен күміс кездеседі.

Қазіргі уақытта кеніштің тереңдігі 90 метр, ұзындығы 1,5 км құрап отыр. Келешекте 350 метрге дейін терең қылып, 8 кмге дейін ұзарту көзделуде.

Минералдық ресурстар 1208 млрд тонна. Кен құрамындағы мыстың орта мөлшері 0,36% құрайды. Әрбір жыл сайынғы кенді қайтадан өңдеу 30 млн тонна. Орта есеппен алғанда сол 40 жылдағы жыл сайынғы бағалы өнімдегі (концентраттағы) мыс өндіру көлемі 75 мың тоннаны құрайды. Кен орнының кен денесі бағалы ілеспе өнім-5,26 млн унция алтынға және 57 мың тонна молибденге ие. Алғашқы онжылдықта алтын өндіру жылына 120 мың унцияны құраған.

Жобалау үшін бастапқы деректер:

- 1) жылдық өнімділік-5 млн тонна;
- 2) ең үлкен кесек диаметрі-1000 мм;
- 3) номиналды ұсақтау ірілігі-10 мм;
- 4) кеннің ылғалдылығы-3-5 %;
- 5) кен тығыздығы-2,77 т/м³;
- 6) орташа мыс үлесі-0,35%

2 Бас жоспар

2.1 Құрылыс алаңы

КАZMinerals-еліміздегі мыс концентратын өндіретін және тау-кен өндірісін дамытудағы аса ірі компанияның бірі. Оның иелігінде 6 кеніш бар. Олар Шығыс Қазақстандағы 3 кеніш және өндірісі ашық тәсілмен алынатын *Бозшакөл, Ақтоғай*, Қырғызстандағы *Бозымшақ* кеніші.

Бозшакөл комбинаты-Қазақстан Республикасында орналасқан, Павлодар облысындағы ашық типтегі, ірі көлемдегі мыс кен орны. Екібастұз ауданында Павлодар-Ақмола теміржол станциясынан солтүстікке қарай 14 шақырым жерде орналасқан. Кен орнына да темір жол тармағы тартылған.

Кеніш құрылысы 2012 жылы басталып 2014 жылы аяқталған. Ал, 2015 жылы желтоқсан айында іске қосу үшін жөндеу жұмыстары жүргізілген. 2016 жылы ақпан айында алғашқы мыс концентратын өндірді.

Кен орнының орталығының географиялық координаттары: 51°50' с.е., 74°16' ш.б.

Тау-кендік жер телімі ауданы: 7.9 км²

Жыраларының биіктігі: 360 м

Кенішті пайдалану мерзімі 40 жылдан астам

Құрылыстың жалпы алғандағы құны □2,15 млрд.

2.2 Қысқаша климаттық сипаттамасы

Ауданның климаттық жағдайы жазда ыстық, құрғақ ал, қыста суық әрі оңтүстік -батыстан салқын жел соғады. Бір сөзбен айтқанда климаты-континенталді. Орташа жазғы температурасы: 20°C (max 41°C), 28-30°C (max-42°C). Топырақтың қату тереңдігі: 2.8 м-ге дейін. Аудан климатының құрғауы жауын шашынның аз мөлшерінде, ауаның төмен ылғалдылығында көрінеді.

Желді ауа райы жергілікті климатқа тән. Желдің орташа жылдамдығы 15 м/с. Қысқы кезеңде қар борандарының пайда болуына себепші болады. Жылдың жазғы мезгілінде мұндай борандар шаңды желдің пайда болуына себепші болады.

Қар жамылғысының көпжылдық орташа биіктігі-25 мм жуық. Жердің тегіс бетіне түскен қар өте жиі желмен басқа жерге ауысады.

Жер асты суларының қоры көктемде және күзде ғана жиналады. Көктем және күз айларында жауын-шашын мөлшері көбейе түседі. Дегенмен, жазғы жауын-шашыннан жиналған жаңбыр суының көп бөлігі күннің әсерінен буға айналып, жер асты суларына қосылмайды.

Топырақтың қатуының¹³ тереңдігі: саздар мен саз балшықтар — 1,92 м; майда және майда құмдар мен құмдар — 2,3 м; орта және ірі және гравелисті құмдар — 2,5 м; ірі құрамды топырақтар — 3,26 м.

2.3 Негізгі жобалық шешімдер

Технологиялық схема Бозшакөл мыс өндіру фабрикасының, институттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талдау негізінде таңдалды.

Кенді байытуға дайындау және байыту үшін төмендегідей процестер қолданылады:

Байытуға дайындау процестері:

- 1) Ірі және майда ұсату;
- 2) Елеу;
- 3) Ұнтақтау;
- 2) Сұрыптау;

Байыту процестері:

- 1) Флотация процесі;

Көмекші процестер:

- 1) Қойылдыру;
- 2) Сүзу;
- 3) Кептіру.

Қайта өңдеу қалдықтарын жинақтау үшін көлемі 7031250 м³ үлкен қалдық қоймасында жүзеге асырылады. Қалдық қоймасы пайдалану қоры мерзімінен бастап 40 жылға дейін есептелген. Қалдық құбырларының ұзындығы 70 км-ді құрайды.

3 Техника экономика бөлімі

3.1 Фабриканың негізгі цехтарының жұмыс режимі мен өнімділік көрсеткіштері

Жобалауға берілген өнімділік көрсеткіші – 25000 000 тонна.

Ұсату цехы жылына 305 күн, 3 сменадан 8 сағаттан жұмыс істейді. Негізгі корпусқа арналған жабдықтарды пайдалану коэффициенті $K_b = 0,9$; ұсату цехы үшін $K_b = 0,75$ етіп алынады.

Ұсату цехның тәуліктік өнімділігі:

$$Q = \frac{Q_{ж}}{305}, \text{ т/сағ}$$

(1)

мұндағы $Q_{ж}$ - фабриканың жылдық өнімділігі.

$$Q = \frac{25000000}{305} = 81967,2 \text{ т/тәу}$$

Сағаттық өнімділік:

$$Q_c = \frac{Q}{n * m * \eta}, \text{ т/сағ}$$

(2)

мұндағы η – кеннің біркелкі берілмеуін ескеретін коэффициент;

n - смена саны;

m - бір смендағы жұмыс уақыты ұзақтығы.

$$Q = \frac{81967,2}{3 * 8 * 0,95} = 3595 \text{ т/сағ}$$

$$Q = \frac{25000000}{305} = 81967,2$$

3.2 Еңбекті ұйымдастыру

Фабриканың ұсату бөлімінде жұмыс жасайтын қызметкерлер 3 аусымды жұмыс істейді. Әрбір ауысым тәулігіне 8 сағаттан. Жұмыс кестесі шикізатты ашық игеру жұмысына қарай ұйымдастырылған. Жұмыскерлер бір ауысымнан

келесі ауысымға ауысқандакесте бойынша демалуы керек. Орташа ауысымдық

$$\frac{40+40+64}{3} = 48$$

демалыс сағат.

3.3 Шикізат қорының сипаттамасы

Фазалық талдау сынамалардағы мыстың сульфидті формаларының құрамы 92,3-96,7%-ға теңдігін анықтады, оның ішінде бастапқы сульфидтермен 80,8-88,3% - ға жеткен.

Молибден үлесі 77,8-87,5% - ға тең олар молибденит сияқты сульфидті формалар. 12,5-22,2% - тотыққан формалар: молибдит, повелит және вульфенит.

Кендегі темір пирит, гематит және халькопирит 45,0-57,9% - ға ұсынылған, магнетит және гидроокышқылдар – 42,1-55,0 % .

Минералогиялық талдау нәтижелері бойынша негізгі кен минералдары пирит және халькопирит, магнетит, темірдің гидроокышқылдары болып табылады. Екінші дәрежелі және сирек минералдарға пирротин, ярозит, ковеллин, халькозин, сфалерит және молибденит жатады. Тау жыныстарының минералдары-плагиоклаз, серицит, хлорит, биотит, кварц, эпидот және басқалар.

Бозшакөл кен орнының бастапқы сульфидті кендерінің химиялық құрамы (оның ішінде Бозшакөл Шығыс учаскесі) кестеде ұсынылған.

2 Кесте – Бастапқы сульфидті кен сынамаларының химиялық құрамы

Компонент	Үлесі, %	Компонент	Үлесі, %
Cu	0,35	Fe	4,83-6,73
Mo	0,0046	Pb	0,01-0,02
Au, г/т	0,12-0,20	Mg	2,11-2,58
Ag, г/т	1,6-3,0	Hg	<0,0001-0,0001
Al	8,2-8,5	Mn	0,16-0,20
Sb	<0,005	Ni	0,0017-0,0020
As	0,063-0,073	Re	<0,0002
Bi	<0,001	Se	<0,001
Cd	<0,001	SiO ₂	58,3-59,6
Ca	0,91-1,04	S _{общ}	1,21-1,35
C _{общ}	0,77-0,82	Zn	0,05-0,07
Co	0,0026-0,0030	Te	<0,008

3.4 Технологиялық режимдік параметрлері

16

3 Кесте – Негізгі технологиялық операциялар режимдік параметрлері

Параметр атауы	Өлшем бірлігі	Сан мәндері
----------------	---------------	-------------

1	2	3
<i>I сатылы ұсату</i>		
1. Бастапқы кен кесегінің максималды ірілігі	мм	1000

3 - кестенің жалғасы

Параметр атауы	Өлшем бірлігі	Сан мәндері
2. Кен ылғалдылығы	%	3-5
3. Кеннің үлес салмағы	т/м ³	2,77
4. Бонд ұсақтау индексі	кВт/т	11,0
5. Сағат ағыны (жүктеу-жалпы уақыт 75 %)	т/час	3805,2
6. Ұнтақталған кен кесегінің ең үлкен мөлшері	мм	270
<i>Жартылай өзін-өзі ұнтақтау</i>		
1. Диірмен қабылдайтын максималы кесек ірілігі	мм	270
2. Сағат ағыны (жүктеу ~92 % жалпы уақыт)	т/час	3104,6
3. Шарлы жүктеу	% об.	12
4. Кенді пульпадағы қатты құрамы	% вес.	72
5. Ұсақталған кеннің классификаторларының түрі: барабанды түсіру елеу және дірілді елеу		
6. Ұнтақталған кен кесегінің класы	мм	10
<i>Өзін өзі ұнтақтаудан кейінгі кен кесегін ұсату</i>		
1. I кезең-ашық циклде конусты ұсақтағышта ұсату		
2. Конусты ұсақтағыштың ең үлкен кен кесегінің өлшемі	мм	80
3. Ұсақтағыштың ең үлкен кесегінің өлшемі	мм	38
4. II кезең-діріл електері бар тұйық циклде жоғары қысымды валкалы ұсақтағышта ұсақтау		
5. Ұсақтағыштың ең үлкен кесегінің өлшемі	мм	12
6. Ұсақтағышқа түсетін айналмалы жүктеме көлемі	%	42
7. Валкалы ұсақтағыштағы кен кесегінің класы	мм	10
8. Ылғалды елеу тиімділігі	%	90
9. Пульпадағы қатты өнімнің құрамы	%	60
<i>Гидроциклондарда тұйық циклде кенді ұнтақтау</i>		
1. Бонд шар ұнтақтау индексі	кВт/т	19,8
2. Диірменге түсірілетін қатты құрамы	%	72
3. Айналмалы жүктеме	%	250
4. Шарлы жүктеу	% об.	32
5. Гидроциклондардың құмдарында қатты құрамы	%	74
6. Гидроциклондардың ағызындысындағы қатты құрамы	%	34
7. Гидроциклон ағызындысындағы кеннің ірілігі		P ₈₀ =180 мкм
8. Гидроциклон ағызындысындағы минус 0,074 мм	%	60

класының құрамы		
<i>Негізгі және бақылау флотациясы</i>		
1. Пульпадағы қаттының үлесі	%	34-35
2. рН	ед. рН	9

3-кестенің жалғасы

Параметр атауы	Өлшем бірлігі	Сан мәндері
3. Негізгі флотацияның ұзақтығы	мин	8
4. Бақылау флотациясының ұзақтығы	мин	18-23
2. Гидроциклон құмындағы қаттының құрамы	%	>50
3. Ашық циклде ұнтақтау		
4. Ұнтақтағыштан шығатын кен кесегінің ірілігі		$R_{80}=25$ мкм
<i>I тазалау</i>		
1. Гидорциклон шламын I тазалау; бақылау флотациясы концентратын ұнтақтауға дейін диірменге түсіру; қалдықтарды II тазалау және концентратты бақылау тазалаудан өткізу		
2.рН	ед. рН	10-11
3. Флотация ұзақтығы	мин	14
4. Қаттының құрамы	%	15-16
<i>Контрольная перечистка</i>		
1. Бақылау тазалау- I тазалау қалдықтары		
2. Флотация ұзақтығы	мин	15
<i>II тазалау</i>		
1. II тазалау- гидроциклон ағызындысы; негізгі флотация концентратын ұнтатауға дейінгі диірменге түсіру; I тазалау концентрат және III тазалау қалдықтар		
2.Флотация ұзақтығы	мин	12
3. рН	ед. рН	10,5
<i>III тазалау</i>		
1. III тазалау – концентрат II тазалау		
2. Флотация ұзақтығы	мин	10
3. рН	ед. рН	10-11
4. Си-Мо концентратындағы мыс үлесі, аз емес	%	20,0
<i>Си-Мо концентратын қойылдыру</i>		
1. Қойылдырғыштағы қаттының құрамы	%	29-32
2. Қойылдырылған өнімдегі қаттының құрамы	%	37-40
<i>Молибден флотациясы* (негізгі, ұнтақтау, 4 тазалау)- режимдік параметрлер фабриканы іске қосқаннан кейін және өнеркәсіптік сынақтар жүргізілгеннен кейін нақтыланады</i>		
<i>Мыс концентратын сүзу</i>		

1. Кен ылғалдылығы	%	10
<i>Бақылау флотациясындағы қалдықтарды қойылдыру</i>		
1. Қойылдырғыштағы қаттының құрамы	%	32
2. Қойылдырылған өнімдегі қаттының құрамы	%	60-66


3.5 Қолданылатын технологиялық процесстер

Бастапқы кендерді қайта өңдеу бойынша мыс-молибден коллективті концентратын алғанға дейін байыту схемаларының құрылымын және байыту көрсеткіштерін анықтауға арналған деректер негізделген жобалық шешімдерді қабылдауға жеткілікті. Молибден коллективті концентратты алу жөніндегі деректерді пайдалануға жарамды деп санауға және жобалау регламенттерін әзірлеу кезінде қолдануға болады. Зертханалық жағдайларда зерттеу кезінде мұндай деректерді алу техникалық себептер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін емес (коллективті концентраттың зертханалық жағдайлардағы жұмыс істеу қиындығы), ал 1968-1969 жж. тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарды жүргізу кезінде сынамалар көмірмен тасымалдау кезінде ластанған. Көмір молибденмен бірге флотацияланады және молибденмен салыстырмалы мөлшерде Молибден флотация процесін толық бұзады. Жобалау кезінде коллективті мыс-молибден концентратын селективті мыс және молибден концентратына бөлудің практикада кең тараған сұлбасын қабылдауға болады. Байырғы кендерді өңдеу кезінде құрамында 20-22 % мысы бар мыс концентраты алынуы мүмкін. Мысты концентратқа шығару кендегі мыстың құрамына байланысты (0,3-тен 0,7% - ға дейін) 80-нен 87% - ға дейін ауытқиды. Бастапқы Кендегі құрамына байланысты Алтын мен күмісті алу айтарлықтай кең шектерде ауытқиды, алайда бастапқы кендердегі алтынның орташа құрамына қарай – 0,16 г/т және күмістің орташа құрамына қарай – 1,85 г/т, оларды мыс және молибден концентраттарына шығару дәрежесі тиісінше 55,6 және 69,5% - ды құрайды.

Бозшакөл кен орнының бастапқы сульфидті кендерін өңдеу үшін мынадай технологиялық схема ұсынылады. Схема мынадай технологиялық операцияларды қамтиды.

- Конусты ұсатқышта бастапқы кен ұсатылады;
- Кенді жартылай ұнтақтау диірменінде ұнтақтау, елеу, конусты және валкалы ұсақтағыштарда екі сатылы ұсату жүргізіледі;
- Електің тор астындағы өнім мен гидроциклоннан шыққан құм шарлы диірменге түседі (- 0,18 мм ірілік класс 80% дейін) (-с 0,074 мм ірілік класс 60%);
- Гидроциклонның ағызындысынан шыққан өнім коллективті негізгі және бақылау флотациясына барады;
- Алдын-ала тазалау алдыңда негізгі және бақылау флотациясының коллективті концентраттарын қайта ұнтақтау;
- Коллективті концентраттарды үш реттік тазалау;
- Негізгі селективті молибден флотациясы және бірінші тазалаудан кейінгі соңғы қайта ұнтақтау, молибден концентратын төрт реттік тазалау;

- Бірінші реттік молибденді тазалау және негізгі молибден флотациясынан шыққан өнімді сүзіп,қойылдыру арқылы мыс концентраты пайда болады;
- Молибден концентратын сүзу және кептіру;
- Байыту қалдықтарын қоюландыру және орналастыру;



1 Сурет – Бозшакөл кен орнының технологиялық сұлбасы

3.6 Ұсату сұлбасын таңдау және есептеу


Жобаланып отырған Бозшакөл мыс байыту фабрикасында ұсақтаудың бірінші және екінші сатыларында алдын ала елеу арқылы екістадиалды ұсақтау схемасы қолданылады. Ұсақтаудың бірінші сатысына түсетін ең үлкен кесек $D_{\max} = 1000$ мм. Соңғы яғни, екінші майда ұсатудан алынған ірілік -10 мм-ге таң болады.

Жобалау үшін бастапқы деректер:

- 1) жылдық өнімділік-5 млн тонна;
- 2) ең үлкен кесек диаметрі-1000 мм;
- 3) номиналды ұсақтау ірілігі-10 мм;
- 4) кеннің ылғалдылығы-3-5 %;
- 5) кен тығыздығы-2,77 т/м³;
- 6) орташа мыс үлесі-0,35%


Кен

0

1  I ұсату

2

3

 II ұсату

4

5

2 Сурет – Бозшакөл кен орнының ұсату сұлбасы

Жалпы ұсату дәрежесі мына формуламен анықталады:

21

$$S_{\text{жалпы}} = \frac{D_{\max}}{d_{\text{ном}}},$$

(3)

мұндағы D_{\max} – қоректендірудегі ең үлкен кесек диаметрі, мм;
 $d_{\text{ном}}$ – номиналды ұсақтау ірілігі, мм;

$S_{жалпы}$ – жалпы ұсату дәрежесі.

Енді осы формулаға сан-мәндерімізді қойып жалпы ұсату дәрежесін тауып аламыз.

Жалпы ұсату дәрежесін (3) формуламен есептейміз:

$$S_{жалпы} = \frac{1000}{10} = 100$$

Орташа ұсату дәрежесін төмендегі формуламен есептейміз:

$$S_{орташа} = \sqrt[3]{S_{жалпы}} = \sqrt[3]{100} = 4.6$$

(4)

Жеке ұсату дәрежесі:

$$S_{жалпы} = S_1 \times S_2 \times S_3$$

(5)

Мұндағы $S_1=3,7$;

$S_2=S_{орташа}=4,6$;

$S_3=5,8$.

Ұсату өнімдерінің номиналды ірілігі әр стадия үшін келесідей етіп есептелінеді:

I стадиядан кейін

$$d_1 = \frac{D_{max}}{S_1} = \frac{1000}{3,7} = 270$$

II стадиядан кейін

$$d_2 = \frac{d_1}{S_2} = \frac{270}{4,6} = 58$$

III стадиядан кейін

$$d_3 = \frac{d_2}{S_3} = \frac{58}{5,8} = 10$$

Ұсатқыш саңылауларының өлшемі:

$$i_1 = \frac{d_1}{Z_1} = \frac{270}{1,5} = 180$$

$$i_2 = \frac{d_2}{Z_2} = \frac{58}{2} = 29$$

22

Z – түсіру саңылауы бірлігінің үлесінде айқындалған кесек ірілігі.

Z шамасын ұсату мен іріліктің тиісті сатылары мен ұсатылған кен ірілігі үшін іріліктің типтік сипаттамасы бойынша қабылдаймыз.

елеу тесіктерінің өлшемдері және елеу тиімділігі:

II стадия үшін $a_2=58$ мм; $E_2=80\%$.

III стадия үшін $a_3=d_3=10$ мм; $E_3=80\%$

Іріліктің електік сипаттамалары.

4 Кесте – 4-ші өнім ірілігінің типтік сипаттамасы $i_p = 180$

Үлеспен анықталатын класс, i_p	Ірілігі, мм	Кластың плюс бойынша шығымы, %	Кластың минус бойынша шығымы, %
$0,2 \times i_p$	36	70	30
$0,4 \times i_p$	72	45	55
$0,8 \times i_p$	144	25	75
$1,2 \times i_p$	216	10	90
$Z_1 \times i_p$	270	5	95

5 Кесте – 4-ші өнім ірілігінің типтік сипаттамасы


Класс ірілігі, мм	Кластың минус бойынша есептік шығымы, %	Класс плюс бойынша шығымы, %
36	$\beta_4^{-22} = \beta_0^{-22} + b_0^{+150} \times \beta_1^{-22} = 9 + 0,64 \times 10 = 15,4$	84,6
72	$\beta_4^{-44} = \beta_0^{-44} + b_0^{+150} \times \beta_1^{-88} = 30 + 0,64 \times 30 = 35,2$	64,8
144	$\beta_4^{-88} = \beta_0^{-88} + b_0^{+150} \times \beta_1^{-88} = 30 + 0,64 \times 60 = 68,4$	31,6
216	$\beta_4^{-132} = \beta_0^{-132} + b_0^{+150} \times \beta_1^{-132} = 46 + 0,64 \times 85 = 91,2$	8,8
270	$\beta_4^{-165} = \beta_0^{-165} + b_0^{+192} \times \beta_1^{-165} = 55 + 0,45 \times 95 = 97,3$	2,7

6 Кесте – 8-ші өнім ірілігінің типтік сипаттамасы, $d_n=58$ мм, $i_p=29$ мм


Үлеспен анықталатын класс, d_n	Ірілігі, мм	Кластың плюс бойынша шығымы, %	Кластың минус бойынша шығымы, %
$0,2 \times d_n$	11,6	70	30
$0,4 \times d_n$	23,2	45	55
$0,6 \times d_n$	34,8	25	75
$0,8 \times d_n$	46,4	10	90
$1,0 \times d_n$	58	5	95

7 Кесте – 8-ші өнім ірілігінің есептік сипаттамасы, $i_p=29$ мм


Класс ірілігі, мм	Кластың минус бойынша есептік шығымы, %	Класс плюс бойынша



3 Сурет – Бастапқы өнімнің электік сипаттамасы



4 Сурет – 4 өнімнің электік сипаттамасы



0 6 12 18 24 30 36 42 48 54
Ірілік, мм

5 Сурет – 8-ші өнімнің электік сипаттамасы

3.7 Ұнтақтау сұлбасын таңдау және есептеу

II сатылы ұнтақтау сұлбасы ірілігі өте майда өнім алу үшін және екінші бір жағдай кенді артық байыту қажет болғанда қолданылады. Артық байыту қажет болған жағдайда I ұнтақтаудан кейін кен тікелей байытуға түсіп, камералық өнім екінші ұнтақтауға жіберіледі, майда ұнтақталған кен байытудың екінші байыту сатысына барады.

Бірінші сатыдағы ұнтақтағыштың және классификатордың орналасуына байланысты II сатылы ұнтақтау сұлбасы үш топқа бөлінеді: 1) I саты- ашық циклде, 2) I саты толық тұйық циклде, 3) I саты жартылай тұйық циклде. II сатыдағы диірмен тек қана тұйық циклде жұмыс істейді. II саты алдында міндетті түрде алдын ала сұрыптау процесі жүргізіледі. Себебі, бірінші ұнтақтау сатысының нәтижесінде едәуір мөлшерде дайын класс пайда болады.

Таңдап алынған ұнтақтау схемасы екі сатылы. I сатысы және II сатысы бақылау сұрыптауымен тұйық циклде жұмыс істейді.

I сатыдағы ұнтақтау процессіндегі айналмалы жүк мөлшері $C=120\%$

II сатыдағы ұнтақтау процесіндегі айналмалы жүк мөлшері $C=180\%$.
Байыту өнімдерінің шығымдарын (γ) анықтаймыз, %:

$$\gamma_0 = 100\%$$

$$\gamma_1 = \gamma_0 + \gamma_4 = 100 + 120 = 220\%$$

$$\gamma_3 = \gamma_0 = 100\%$$

$$\gamma_4 = C = 120\%$$

$$\gamma_5 = \gamma_3 + \gamma_8 = 100 + 180 = 280\%$$

$$\gamma_6 = \gamma_5 - \gamma_7 = 280 - 180 = 100\%$$

$$\gamma_7 = \gamma_8 = 180\%$$

25


$$\gamma_8 = C = 180\%$$

Өнімдер шығымдары арқылы кен салмағын таба аламыз.

(6)

$$Q = \frac{Q_0 * \gamma_0}{100}$$

$$Q_0 = 490 \text{ т/сағ}$$



6 Сурет – Бозшакөл кен орнының ұнтақтау сұлбасы

Бұл ұнтақтау сұлбасы екі сатыдан тұрады. I сатысы және II сатысы бақылау сұрыптауымен тұйық циклде жұмыс істейді.

I сатыдағы ұнтақтау процессіндегі айналмалы жүк мөлшері $C=120\%$

II сатыдағы ұнтақтау процесіндегі айналмалы жүк мөлшері $C=180\%$.

Байыту өнімдерінің шығымдарын (γ) анықтаймыз, %:

$$\gamma_0 = 100\%$$

$$\gamma_1 = \gamma_0 + \gamma_4 = 100 + 120 = 220\%$$

$$\gamma_2 = \gamma_1 = 220\%$$

$$\gamma_3 = \gamma_0 = 100\%$$

$$\gamma_4 = C = 120\%$$

$$\gamma_5 = \gamma_3 + \gamma_8 = 100 + 180 = 280\%$$

